

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б. 273-276

ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Наурызова Нұржамал, тарих мамандығы 2-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

2022 жылдың 12 мамырында Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың туғанына 100 толады. Көзінің тірісінде «Қанатты қыз» атанған батырдың өскен ортасы, жауынгерлік ерлігі, соғыстан кейінгі кеңес-партия қызметіндегі еңбек жолы туралы кейінгі жылдары ақпарат құралдарында бірқатар ақпараттар жарияланып келеді. Әсіресе, атыраулық жазушы драматург Рахымжан Отарбаев, өлкетанушы Рахмет Иманғалиев, журналист Тұрсын Калимова зерттеулері жарияланды. Дегенменде, Хиуаз Доспанова туралы арнайы зерттеулер, тарихи тұрғыдан да зерттеулер өте аз.

Осы мақалада шығыстың қос жұлдызы атанған Кеңес Одағы батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметовадай ержүрек қазақ қызы Х.Доспанованың өмір жолын зерттеу нысанына алғанды жөн көрдік.

Екінші дүниежүзілік соғыстың бөлігі Ұлы Отан соғысының кезінде 1941 жылы қазан айында КСРО-да алғашқы және бірегей әйелдердің жеңіл бомбордирлік авиациялық полкі құрылды. Оның құрамында 17 мен 22 жас аралығындағы 115 қыз-келіншек болған еді. Осы авиациялық полктегі 1 ғана қазақ қызы Хиуаз Доспанова болғаны ұлт үшін зор мақтаныш және бүгінгі жастарға үлгі.

Хиуаз Қайырқызы Доспанова авиациялық полкте тұңғыш ұшқыш-штурман болып, майдан кезінде «ПО-2» ұшағымен 300 мәрте жауынгерлік тапсырмамен аспанға көтерілді. Соғыстың кезіндегі ерлігі үшін Кеңес Одағы батыры атағын алған Әлия мен Мәншүк есімдерін әрбір қазақ біледі десек, Хиуаз Доспанованың ерлігін көп біле бермейді. Жасаған батырлығын бірі білсе, ендігі бірі білмейді.

Доспанова Хиуаз Гурьев облысы (Атырау) Құрманғазы ауданында Зормата деп аталатын мекенде 1922 жылы 15 мамырда өмірге келгенін батыранамыз өзінің 1963 жылы жарық көрген «Халқым үшін» естелік кітабында жазған. Ол өздерінің үйде алты ағайынды екенін айтып, үлкені Хиуаздың өзі, артынан ерген бауырлары Белмерген, Марти, Қобыланды, Тарғын деген інілері және Алма деген сіңлісі болғаны жайында жазады[1].

Әкесі Доспанов Қайыр балық кәсіпшілігінде жұмыс жасап, кейіннен партия қызметінде болып, жұмыс бабымен Батыс Қазақстан облысына көшіп, Хиуаз мектепті сол Орал қаласынан тәмәмдайды. Жастайынан ұшқыш болуды армандаған және мектеп кезінен бастап, аэроклубқа қатысып, ұшқыштық мансабының бірінші кезеңдерінен өткен болатын. Бұл жайында

ұшқыштың өзі: «Мен мектепте комсомол ұйымында қоғамдық жұмыстарға белсене араластым. Қаламызда ұшқыштар дайындайтын курс ашылған болатын. Соған оқушылар іздеп келгенде, ешкім жазыла қоймады. Мен орнымнан атып тұрып, мені жазыңыздар дедім. Содан кейін біртіндеп басқалар да жазыла бастады. Сөйтіп ойда-жоқта осы мамандықты игеруге тура келді», - деп баяндайды[1].

Он жылдық мектепті Орал қаласында үздік бітіріп, аттестатқа қоса жергілікті аэроклубтың «Запастағы ұшқыш» куәлін алып шығады. Мектепті бітіргеннен кейін Мәскеу қаласындағы Жуковский атындағы әскери-әуе Академиясына оқуға барады. Бірақ оқуға қабылданбай Мәскеудің бірінші медициналық институтына түседі.

1941 жылы соғыс басталғанда көптеген жастар майдан шебіне аттанып жатты. Запастағы ұшқыш дәрежесі бар Хиуаз атақты Марина Раскованың қыз-келіншектерден құралатын әуеполкын құрайын деп жатқаны туралы естіп, ойланбастан оған өтініш жазады. Авиациялық дайындығы болғандықтан ол Саратов облысы Энгельс қаласындағы әскери әуе училищесіне оқуға жіберілді. Осы жерден штурмандар дайындайтын арнайы курсты аяқтайды.

1942 жылғы көктемде авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жауды бомбалайтын әйелдер авиаполкінің қатарына соғысқа аттанады. Бұл ПО-2 ұшақтарының штурмандарының ерекшелігі олардың жер бауырлап ұшып, түн ішінде жаудың қару-жарақ, оқ-дәрі сақталған қоймаларын бомбалау болды. Әрбір ұшақ 2 ұшқышпен 1 сағатта 120 шақырымды бағындыруы тиіс. Х. Доспанованың алғашқы ұрысы немістердің Майндорф бекетін бомбылаудан басталады. Хиуаз қызмет еткен полк Солтүстік Кавказ, Украина, Белоруссия, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысқан. Авиаполктің қыздары ұшқыштыңда, механиктіңде, техниктің де жұмыстарын жасады. Бұл полктың жауға қарсы қимылының жойқын болғандығы соншалықты, оларды "Nachthexen" (қазақша мағынасы - Түнгі мыстандар) деген.

Хиуаз бен оның ұшқыш құрбылары - «Түнгі мыстандар» жау шебіне жақындағанда ұшу биіктігін төмендетіп, жауды үстінен бомбалап отырған. Хиуаз Доспанова ол жайында «...Біздің кішкентай ұшағымызды немістер «Ночные ведьмы» деп атайтын, ал бұл ұшақтан жаудың зәре-құты қалмаушы еді...», - деп жазады [2]. Тіпті Гитлердің өзі әрбір атып түсірілген әйел ұшқыштар экипажы үшін солдаттына темір крест беріп, аз күнге үйіне демалысқа жібруге уәде берген.

Кеңес Одағының батыры Марина Чечнева қазақ қызының шеберлігі жайында «Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға дәл апаратын және өзі аэродромына да сондай дәлдікпен қайта оралатын», - деп жазады [3].

Хиуаз Доспанова әр кезде өз міндетін абыроймен атқарып аспанға 300 ден аса ұшып, барлығында да өшпес ерлік көрсеткен. Хиуаздың: «...Біз негізінен түнгі мезгілде жау позицияларын бомбалайтын авиаполк едік. Өзіміздің әскери аэродромнан 300 рет ұшып, жауға бомба жаудырған екенмін. Штурман болып жүріп, 3 рет қатты жараландым...» [1]. Күніне

катарынан 7-8 рет көкке көтерілетін Хиуаз, берілген тапсырманы атқару кезінде бірнеше рет өлімнен аман қалады. Осындай жағдайдың бірі 1943 жылы ұшқыш қыздар жауға көрінбес үшін, ұшақтың жарығын өшіріп ұшқанда орын алады. Тапсырманы сәтті орындап келе жатқан Хиуаз Доспанова мен Юлия Пашкова жерге қону кезінде апатқа ұшырады. Жарық өшірулі болғандықтан, тұраққа екі ұшақ бірге қонып, Юлия Пашкованың ұшағы әуеден құлап, мерт болады. Ал, Хиуаз ауыр жарақаттанады. «Бізді қыздар тауып алды. Мен ұшақ кабинасынан сыртқа ұшып кетіппін», - деп еске алған кейін Доспанова осы оқиғаны [1,34]. Бірнеше ай гипстеліп гоститальда жатқан Хиуаздың жағдайы қалыпқа келе бастағанмен аяғы толық икемге келе қоймайды. Сонда да штурман қызметіне қайта отырып, майданға кіріседі. Әйтсе де, ауыр жарақаттанған аяғы белсенді қозғалуға жарамағандықтан, тапсырманы атқарып келгеннен кейін ұшақтан түспей, сол жерде тынығып, келесі күні аспанға сол отырған күйінде қайта көтерілетін болған. Хиуаз қызмет еткен жылдарында көптеген жоғары наградаларға ие болды. Алдымен «Гвардиялық» деген атақ беріліп, артынан «Тамань», «Қызыл Ту», «Суворов» ордендері беріледі.

Соғыс аяқталып, майданда ерлік көрсеткен Хиуаз Доспанова елге 2 топтағы мүгедек болып оралады. Жауынгер майдандастарының барлығы дерлік Кеңес Одағының батыры атағына ие болса да, қазақтың алғашқы ұшқыш батыр қызына бұл атақ берілмеді. Қазақтың халық жазушысы, соғыс ардагері, жауынгер Әзілхан Нұршайықов Хиуазға қатысты осы жағдайды «Ұлы Отан соғысында Талғат Бигелдинов жау тылына 305 рет, Леонид Беда 211 рет, Сергей Луганский 390 рет ұшып, жауынгерлік тапсырманы орындап, үшеуі де екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олар қуаты күшті ұшақтарды басқарды. Жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағының жау ұшағымен шайқасар қуаты жоқ...» - деп жаза отырып [1,123], Хиуаз Доспанова кішкене ғана фанера ұшақпен 300 ден астам рет аспанға көтеріліп, жауға ойсырата соққы бергенін айтып, қазақтың қанатты қызының ерлігі соғыс жылдарында бағаланбаса да, бейбіт өмірде бағалануы тиіс деп өз ойын ашық жазды.

Майдандағы ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Кавказды азат еткені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарын иеленіп, әскери атағы аға лейтенант шеніне дейін өсті. Соғыстан кейінгі еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен ең жоғарғы «Халық қаһарманы» атағы Хиуаз Доспановаға көзі тірісінде берілді.

Хиуаз Доспанованың соғыстан кейінгі кеңестік жүйе кезіндегі атқарған мемлекеттік қызметі әлі де зерттеле қоймаған. Соғыстан кейін ол Орал облыстық комитетінің нұсқаушысы болып, кейіннен Алматыдағы Жоғары партия мектебіне жіберіледі. Мемлекеттік қызметі басталып, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің бірінші хатшысы лауазымды қызметтерін атқарды. Алматы қаласындағы бүкіл еліміздің КСРО тұсындағы мәдени-сәулет өнері ескерткіштері салынып, мәдени туындалар сахнаға шықты.

Соғыс кезіндегі жарақатынан денсаулығына байланысты Х.Доспанова 37 жасында зейнеткерлікке шығады.

1960 жылы «Под командованием Расковой», 1963 жылы «Халқым үшін» соғыс естеліктерін жазды. Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанова 2008 жылдың 20-шы мамырында өмірден өтті.

Қазіргі кезде батыр есімін ұрпақтар санасында жаңғырту, ерлігін насихаттау жұмыстары оның туған жері Атырауда жүзеге асуда. Атырау қаласында батырға бюст, кейіннен Атырау әуежайы алдында ескерткіші орнатылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қаһарман қыз Хиуаз. Алматы: «Ана тілі», - 2012. -296

2 Калимова Т. Қазақтың тұңғыш ұштық қызы Хиуаз Доспанованың ескерткіші ашылды / «Айқын» газеті, 16 қыркүйек 2019 ж.

3 <https://sputnik.kz/20190429/Hiuaz-Dospanova-omirbaian-sogys-9987647.html>

<https://atyrau-cbs1.kz/kz/lketanu/rpa-a-ran-bol-an-ly-zhe-is/1338-dospanova-khiuaz.html>

<https://assembly.kz/news/ly-zhe-isti-zhar-yn-s-ulesi-esimi-a-yz-a-aynal-an-aza-ty-batyr-zy-khiuaz-dospanova/>

4 Калимова Т. Халық қаһарманына ескерткіш қойылды. / «Айқын» газеті. 8 мамыр 2010 ж.

Ғылыми жетекшісі: Кайргалиева Гулфайруз Қайырғалиқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымд.профессор м.а, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.